

Кредиттік бюролардың ақпаратты және мәліметтерді беру ережесін, мерзімін және көлемін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007 жылғы 27 тамыздағы N 223 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 1 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4951 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 278 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 278 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Кредиттік бюролардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса берілген Кредиттік бюролардың ақпаратты және мәліметтерді беру ережесі, мерзімі және көлемі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Д.Ш. Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны кредиттік бюроларға, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Ақпараттық технологиялар басқармасы (А.Ж. Бейсенбаев) 2008 жылғы 1 қазанына дейін кредиттік бюролардың есептілігін жинау бойынша программалық қамтамасыз етудің әзірлеуін қамтамасыз етсін.

5. Агенттіктің Төраға қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының
2007 жылғы 27 тамыздағы
N 223 қаулысымен бекітілді

Кредиттік бюролардың ақпаратты және мәліметтерді беру ережесі, мерзімі және көлемі

1. Осы Ереже ""Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 4 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және кредиттік бюролардың ақпаратты және мәліметтерді қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) беру тәртібін, мерзімдерін және көлемдерін белгілейді.

2. Кредиттік бюролар уәкілетті органға:

1) ай сайын, есепті айдан кейін келетін айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей электронды және қағаз жеткізушімен осы Ереженің 1,2 және 3-қосымшаларына сәйкес ақпаратты және мәліметтерді;

2) тоқсан сайын, есепті айдан кейін келетін айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей электронды және қағаз жеткізушімен осы Ереженің 4-қосымшасында қарастырылған ақпаратты;

3) тоқсан сайын, есепті айдан кейін келетін айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз жеткізушімен қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады.

3. Кредиттік бюролар беретін ақпаратта және мәліметтерде:

1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес кредиттік тарихтың деректер базасындағы кредиттік тарихтардың саны туралы ақпарат;

2) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес ақпарат жеткізушілер бөлігінде заем және шартты міндеттемелер беру туралы шарттардың саны туралы мәліметтер;

3) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес кредиттік бюроның кредиттік тарихтың деректер базасынан берген кредиттік есептердің саны туралы мәліметтер;

4) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес ақпаратты беру және (немесе) кредиттік есепті алу жөнінде жасасқан шарттар туралы ақпарат;

5) қызметтерге толық сипаттама бере отырып қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы ақпарат (бұндай ақпарат болған жағдайда) ерікті нысанда болуы тиіс.

4. Осы Ереженің 1-4-қосымшаларына сәйкес жасалатын ақпараттар мен мәліметтерге және қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы ақпаратқа кредиттік бюроның бірінші басшысы немесе оның орнын басатын тұлға, сондай-ақ оларды толтыруға жауапты адамның қолы қойылып, кредиттік бюроның мөрімен расталады.

5. Электрондық жеткізушімен ұсынылған деректер мен қағаз жеткізушідегі деректердің бірдейлігін кредиттік бюроның басшысы немесе оның орнын басатын тұлға қамтамасыз етеді.

Кредиттік бюролардың
ақпаратты және мәліметтерді
беру ережесінің, мерзімінің
және көлемінің
1-қосымшасы

_____ кредиттік бюроның кредиттік тарихтың
деректер базасындағы кредиттік тарихтардың
саны туралы ақпарат
20 __ жылғы 01 _____ жағдай бойынша

	Есепті кезеңдегі кредиттік тарихтар саны	Деректер базасы құрылғаннан бастап кредиттік тарихтар саны жиынтығының өсуімен
Кредиттік тарихтардың жалпы саны		
Оның ішінде	Жеке тұлғалар бойынша	
	Заңды тұлғалар бойынша	

Бірінші басшысы _____ қолы _____ күні _____

Жауапты тұлға _____ қолы _____ күні _____

Мөрдің орны

Есеп жасалған күні 20 __ жылғы "" ____ "" _____

Кредиттік бюролардың
ақпаратты және мәліметтерді
беру ережесінің, мерзімінің
және көлемінің
2-қосымшасы

Жеткізушілер бөлігінде заем және шартты міндеттемелерді

беру туралы шарттардың саны туралы мәліметтер

_____ кредиттік бюросы

20 __ жылғы 01 _____ жағдай бойынша

N	Ақпарат жеткізушінің атауы	Есепті кезеңде заем және шартты міндеттемелерді беру туралы шарттардың саны		
		барлығы	оның ішінде Жеке тұлғалар бойынша	Заңды тұлғалар бойынша
1	Банктер			
1)				
...				
2	Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар			
1)				
...				
3	Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар			
1)				
...				
4	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар			
1)				
...				
5	Ақпарат беру туралы шарттардың негізінде өзге тұлғалар			
1)				
...				
6	Барлығы			

кестенің жалғасы

Деректер базасы құрылғаннан бастап заем және шартты міндеттемелерді беру туралы шарттардың саны жиынтығының өсуімен	Жеткізушінің деректер базасын соңғы
---	-------------------------------------

барлығы	оның ішінде		жаңарту күні	
	Жеке тұлғалар бойынша	Заңды тұлғалар бойынша		

Бірінші басшы _____ қолы _____ күні _____

Жауапты тұлға _____ қолы _____ күні _____

Мөрдiң орны

Есеп жасалған күні 20__ жылғы " __ " _____

Кредиттік бюролардың
ақпаратты және мәліметтерді
беру ережесінің, мерзімінің
және көлемінің
3-қосымшасы

_____ кредиттік бюроның
кредиттік тарихтың деректер базасынан берілген кредиттік
есептердің саны туралы мәліметтер
20__ жылғы 01 _____ жағдай бойынша

N	Кредиттік есеп алушының атауы	Есепті кезеңде есеп түрлері бойынша берілген кредиттік есептердің саны					
		3	4		5		6
1	2		1-есеп		2-есеп		...
		барлығы	жеке тұлғалар бойынша	заңды тұлғалар бойынша	жеке тұлғалар бойынша	заңды тұлғалар бойынша	жеке тұлғалар бойынша
1	Банктер						
1)							
...							
2	Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар						
1)							
...							
3	Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке						

	кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар						
1)							
...							
4	Ақпарат беру туралы шарттардың негізінде өзге тұлғалар						
1)							
...							
5	Кредиттік тарихтар субъектілері						
6	Барлығы						
7	Берілген түзетілген кредиттік есептердің саны						
	Оның ішінде	Жеке тұлғалар бойынша					
		Заңды тұлғалар бойынша					

кестенің жалғасы

	Деректер базасы құрылғаннан бастап есептердің түрлері бойынша берілген кредиттік есептердің саны жиынтығының өсуімен						
6	7	8		9		10	
...	заңды тұлғалар бойынша барлығы	1-есеп		2-есеп		...	
		жеке тұлғалар бойынша	заңды тұлғалар бойынша	жеке тұлғалар бойынша	заңды тұлғалар бойынша	жеке тұлғалар бойынша	заңды тұлғалар бойынша

Кестені толтыру бойынша түсіндірмелер:

4, 5, 6, 8, 9, 10 бағандарында кредиттік есептер түрлерінің атаулары көрсетіледі.

7 жолында тарих субъектісінің кредиттік есептегі ақпаратты даулау туралы субъектінің өтінішіне сәйкес түзетіліп берілген кредиттік есептердің саны көрсетіледі.

Бірінші басшы _____ қолы _____ күні _____

Жауапты тұлға _____ қолы _____ күні _____

Мөрдiң орны

Есеп жасалған күні 20__ жылғы " __ " _____

Кредиттік бюролардың
ақпаратты және мәліметтерді
беру ережесінің, мерзімінің
және көлемінің
4-қосымшасы

Ақпаратты беру туралы және (немесе) кредиттік
есепті алу туралы жасалған шарттар туралы ақпарат

Кредиттік бюро _____

20__ жылғы 01 _____ жағдай бойынша

Кредиттік тарихты қалыптастыру және оларды пайдалану жүйесінің қатысушының атауы	Шарттың нөмірі	Шарт жасасқан күні
Ақпарат жеткізушілер:		
банктер		
1)		
2)		
...		
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар		
1)		
2)		
...		
Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар		
1)		
2)		
...		
Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган		
Ақпарат беру және (немесе) кредиттік есептерді алу туралы шарттардың негізінде өзге тұлғалар		
1)		
2)		
...		
Жасалған ақпарат беру туралы шарттардың жалпы саны		
Кредиттік есепті алушылар:		

банктер		
1)		
2)		
...		
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар		
1)		
2)		
...		
Тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредитке өткізетін не төлемдердің мерзімін ұзартатын жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар		
1)		
2)		
...		
Ақпарат беру және (немесе) кредиттік есептерді алу туралы шарттардың негізінде өзге тұлғалар		
1)		
2)		
...		
Кредиттік тарихтың субъектілері		
Жасалған кредиттік есепті алу туралы шарттардың жалпы саны		

Бірінші басшы _____ қолы _____ күні _____
 Жауапты тұлға _____ қолы _____ күні _____
 Мөрдiң орны
 Есеп жасалған күні 20__ жылғы " __ " _____